

*Оңтүстік Қазақстан Фармацевтикалық
Академиясы*

«№2 қоғамдық денсаулық сақтау» кафедрасы

*Тақырыбы: Мейірбикелердің
халықаралық кеңесімен қабылданған
«Мейірбикелердің этикалық кодексі»*

Орындаған: Жулбарисова А.

Тобы: 101 МІҚ

Қабылдаған: Сакиева Ш.С.

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Медициналық қызмет этикасы

2. Мейірбикенің негізгі міндеті

3. Мейірбикелердің этикалық кодексі

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе:

Медициналық этика (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* – адамгершілікті зерделеу), немесе ***медициналық деонтология*** (грек. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), – яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

ғылыми – медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы;

практикалық – кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы.

Медициналық этика үш негізгі бағыт

бойынша тұлғаралық қарым-

қатынастардың әртүрлі мәселелерін

зерделейді және шешеді:

медициналық қызметкер —
емделуші,

медициналық қызметкер —
емделушінің туысқандары,

медициналық қызметкер —
медициналық қызметкер.

«МЕДБИКЕ-ЕМДЕЛУШІ» АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР:

Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрнайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.

Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.

Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.

*«Медбике – емделушінің туысқандары (және жақындары)»
арасындағы қарым-қатынастар:*

Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;

Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;

Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;

Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.

«МЕДБИКЕ-ДӘРІГЕР» АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР:

Сұхбаттасу кезінде дәрекі сөйлесуге тыйым салынады;

Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;

Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс;

Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда , науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.

• «Медбике-медбике» арасындағы қарым-қатынастар:

Өз ұжымдастарымен жұмыс істеу барысында дөрекілікке, тұрнайылыққа жол берілмеуі тиіс;

Қандай да бір ескертулер, науқас болмаған уақытта, әдепті түрде айтылуы тиіс;

Тәжірибелері мол медбикелер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет;

Қиын жағдайларда бір-біріне көмектесулері тиіс.

«Медбике-кіші медицина қызметкері» арасындағы қарым-қатынастар:

Өзара сыйластықты сақтаулары тиіс;

Кіші медицина қызметкерінің жұмысын сынайы түрде бақылауы қажет;

Әдепсіздікке, дөрекілікке, тәкаппарлыққа жол беруге болмайды;

Науқастар мен келушілердің көзінше ескертулер жасауға болмайды.

Мейірбикелердің этикалық кодексіне кіріспе

Мейірбикелердің негізгі 4 міндеттері:

- 1. денсаулықты нығайту;*
- 2. ауруларды болдырмау;*
- 3. денсаулығын қалпына келтіру;*
- 4. ауруды жеңілдету.*

• *Мейірбике ісі адамның құқығына, өмір сүру құқығына, қадір-қасиетіне құрметпен қарауы тиіс.*

• *Мейірбикелік көмек науқастың жасына, жынысына, ұлтына, мәдениетіне, терісінің түсіне, нанымына, еңбек ету қабілетіне, саясатына, нәсіліне және әлеуметтік мәртебесіне қарай шектелмейді.*

Мейірбикелер жекелеген адамға медициналық көмек көрсетуді ұсынады, отбасы және өз қызметтерін қоғамда байланысты топтармен үйлестіреді.

Кодекс

- *Мейірбикелердің халықаралық кеңесімен қабылданған «мейірбикелердің этикалық кодексі» 4 негізгі элементтен тұрады:*

Мейірбике және қоғам

Мейірбике және тәжірибе (практика)

Мейірбике және кәсіп

Мейірбике және қызметкерлер

Мейірбике және қоғам

- *Мейірбикелердің алдымен, кәсіби міндеті мұқтаж адамдарға мейірбикелік көмек көрсету болып табылады.*
- *Мейірбикелік көмек көрсете отырып, адам құқықтары, моральдық құндылықтар, әдеп-ғұрыппен жеке адамның рухани нанымдары, отбасы және қоғамды сыйлай отырып, қоршаған ортаны жасауға көмектеседі.*
- *Мейірбике негізге ала отырып, науқастың емделуіне байланысты көмек алуына жеткілікті ақпарат береді.*

- *Мейірбике жеке сипаттағы ақпаратты құпияда сақтайды және бұл ақпаратты қажет кезде ғана ашады.*
- *Мейірбике медициналық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекетті жүзеге асырады және қоғаммен бірге қоғамның әлсіз топтарына халықтың өрістеуі үшін жауапты болады.*
- *Сондай-ақ мейірбике қоршаған ортаны қорғау мен бүлінуін және сарқылуын, ластануын алдын алуға жауапты болып табылады.*

Мейірбике және тәжірибе (практика)

- *Мейірбике біліктілігін және тәжірибесін арттыру үшін дербес жауапты, сондай-ақ тұрақты түрде оқу арқылы есеп береді.*
- *Осындай жауапкершілікті ала отырып, мейірбике науқас қабылдау барысында мейірбикелік диагноз қоя алады.*
- *Мейірбике әрқашан науқастардың мінез-құлық нормаларына көңіл бөледі және қоғамның сенімін арттырады.*
- *Мейірбикелік көмекпен қатар, технологияның, ғылыми жетістіктер мен құқықтарға сәйкес науқастардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.*

Мейірбике және кәсіп

- Мейірбике анықтауда және клиникалық зерттеулер мен білім беру стандарттарын енгізуде басты рөл атқарады.*
- Мейірбике зерттеулер нәтижелерінің негізінде кәсіби білімнің негізгі бөлігін дамытуға белсенді қатысады.*
- Мейірбике кәсіби ұйым арқылы әрекет ете отырып, жұмыс жасауда және әлеуметтік экономикалық жағдайларда әділ болуы керек.*

Мейірбике және кәсіпкерлер

- *Мейірбике өз әріптестерімен және басқа да саладағы әріптестерімен дұрыс қарым-қатынасты қолдайды.*
- *Мейірбике науқастардың қауіпсіздігін сақтау үшін тиісті әрекеттерді қолданып оларға мейірбикелік көмек көрсете алады.*

Денсаулықты сақтау, медициналық көмек алу құқығы:

Халықтың денсаулығы республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты факторларының бірі болып табылады. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мен міндеттері Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау, сапалы медициналық қызмет көрсету және оларды мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз ету конституциялық құқықтарын сақтау болып табылады.

Бүгінгі таңда республиканың денсаулық сақтау жүйесі 1028 ауруханалардан, 2420 амбулаториялық-емханалық ұйымдардан, 4072 фельдшерлік-акушерлік пункттерден (әрі қарай - ФАП), медициналық пункттерден (әрі қарай - МП) құралатын емдік-профилактикалық ұйымдар желісінен тұрады

Халықтың мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізуі мақсатында мобильді телемедицинаны енгізілуде. 2005 жылы Алматы облысына телемедицинаны енгізу аяқталды. 2006 жылы телемедицинаны енгізу жөніндегі іс-шаралар Атырау облысының 7 ауданында және Қарағанды облысының 8 ауданында аяқталған, сондай-ақ Ақмола облысының 15 ауданында және Қызылорда облысының 4 ауданында телемедицинаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жүргізілді.

Ауыл халқын қол жетімді дәрілермен қамтамасыз ету шеңберінде дәрі-дәрмектерді алғашқы медициналық-санитарлық көмек (әрі қарай - АМСК) объектілері арқылы сатуға рұқсат беру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Егер де 2004 жылдың басында 1000 рұқсат берілген болса, бүгінгі таңда 3245 АМСК объектілерінде дәрі-дәрмектерді сату ұйымдастырылған.

Қорытынды:

Қорыта келгенде, бұл кодекс мейірбикелерге тиімді болуы үшін ұсынылған кодекс мейірбике ісін баспасөз, өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында, мейірбикелік мектептерде, тәжірибе барысында мадақтаймыз.

Бұл кодекс басқа да медициналық ұйымдарға тұтынушыларға , адам құқықтары жөніндегі ұйымдарға және жұмыс берушілерге, қалың жұртшылыққа, кодекс өкілдеріне қол жетімді болуы тиіс.

амбулаториялық-емханалық тарификатор - мамандандырылған амбулаториялық-емханалық көмек қызметін көрсетуге арналған тарифтер тізбесі;

клиникалық-шығын топтары - емделуге арналған шығындар бойынша ұқсас аурулардың клиникалық біртектес топтары;

жан басына шаққандағы норматив - медициналық қызмет көрсетулердің нақты көлемін қамтамасыз ету үшін бір адамға есептелген жыл сайын қайта қаралатын шығындардың белгіленген нормасы;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1. Биозтика: Учебник/ под ред. П.В. Лопатина. 4-е изд.- М., 2009.*
- 2. Кембелл А. Медицинская этика: уч. Пос. пер. с англ. Под. Ред. Ю.М.Лопухина. М.,2007.*
- 3. Журнал «Медицинская помощь»*
- 4. Журнал «Сестринское дело»*